

6D011700 – Қазақ тілі мен әдебиеті мамандығы бойынша философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алу үшін жазылған **Балтабаева Наргиза Смаилқызының «Қазақ роман-эссе жаирының қалыптасу тарихы, оны оқытудың даралық - дәстүрлік ұстанымдары»** атты диссертациялық жұмысына

ПІКІР

1. Зерттеу тақырыбының өзектілігі мен оның жалпы ғылыми және жалпы мемлекеттік бағдарламалармен (практикалық және ғылыми сұраныстарына) байланысы

Зерттеуші Балтабаева Наргиза Смаиловнаның ғылыми зерттеу тақырыбын алға тартуы арқылы да жұмысының өзектілігін танытып отыр. Ол қазақ роман-эссе жанрын даралық-дәстүрлік ұғымы арасындағы әрекеттік жалғастығының байланысы алшақтап тұрғанын, жазушылардың шығармаларында роман-эссе жанрының көрініс табатынын, оның насихатталуы тиіс екенін, жоғары оқу орнында оқытылуы қажеттілігін зерделеумен жұмысының өзектілігін ашады. Талқыға ұсынылып отырған тақырып жалпы ғылыми және мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес келіп, тәжірибелік пен ғылыми сұранысты толығымен өтейді. Өйткені зерттеуде даралық пен дәстүрлік сипаты және оқытылуы ғана сөз болмай, қалыптасу мен даму негіздері, идеялық көркемдік, формалық көркемдік ерекшеліктері, оларға қатысты тұжырымдар мен көзқарастар жеткілікті қарастырылып, қазақ роман-эссе жанры түсінігі әр қырынан ашылып көрсетілуге тырысылады. Ал әдістемелік тұрғыдан бұл екі ұғымның философиялық, дидактикалық негіздемелері беріліп, жоғары оқу орнында оқытудың жолдары ұсынылады.

2. «Философия докторы» ғылыми дәрежесін алу үшін жазылған ғылыми жұмысқа қойылатын ғылыми квалификациялық талап деңгейіндегі ғылыми нәтижелер.

Ізденуші диссертациялық жұмысында қазіргі қазақ роман-эссе жанрын даралық-дәстүрлік жағынан жоғары оқу орында оқыту мәселесін кешенді түрде қарастырған.

Мақсатына жету үшін қазақ прозасындағы дәстүр жалғастығына ғылыми жүйеде зерделеу міндетін жүзеге асыру барысында дәстүрлі ғылыми сипаттама, кешенді талдау, жеке талдау, даралау, жинақтау, саралау, т. б. зерттеу әдістері мен тәсілдерін тиімді пайдаланған.

Зерттеуші диссертациялық жұмысын үш бөлімдік тақырыпта жазған. Бірінші бөлімі «Жанр құраушы факторлар және эссе табиғаты» деген атаумен үш тармақшаға жіктеліп қарастырылған. Бұл бөлімде зерттеу иесі қазақ әдебиеттану ғылымында қашанда өзекті тақырып болып табылатын роман-эссе жанрының теориялық негіздемелерінің жасалу, қалану сипатын ашып, алғашқы зерттеушілерді, жазушыларды,

олардың еңбектерін, зерттеулерін негізге алады. Осы арқылы прозада қалыптасқан дәстүрлі шығармашылық жолды, ол дәстүрліктің даралық сипатқа түсіп, басқа қарынан қазіргі ғасырлық кезеңде жалғастық жолын іздеуге итермелейді. Бұл арқылы зерттеуші жұмысының нәтижесін қазақ прозасының дәстүрлік сипатын, даралығын әдебиетті дәуірлік кезеңге бөлу әдісімен қарастыру арқылы көрсетуге болатындығын айтады. Аталған бөлімде эссе жанрының генезисі мен типологиясын айқындап жанр теориясының бірнеше аспектісіне баса назар аударған. Эссе жанрының классификациясы, жанрлық топтардың пайда болу реті және оның дамуы, жанрдың типтілігі, поэтикасы, қайталанушылығы мен тұрақтылығы сияқты жанр теориясын қарастырудағы типологиялық және тарихилық мәселелеріне тоқталып өткен. Сондай-ақ жанрларды классификациялауда «қарама-қарсылықты» немесе полицентристік бағытқа көп ойысатындығы, жанрды типологиялықтан нақты-өзіндік факторларға дейін қамти алатын өте кең сала ретінде танытуға тырысқан. Романмен қатар Еуропалық ренессанс дәуірінде дүниеге келген эссе табиғатын жан-жақты ашып алмаса, оның романмен трансформациялануын дәлелдеп шығу мүмкін емес. Сондықтан да трансформацияланған жанрлық форма ретінде роман-эссенің әдеби әлемдегі тарихына көз жүгірте отырып, оның қазақ әдебиетіндегі қалыптасу кезеңін эссе тарихымен байланыстыра қараған.

Түп негізін ауыз әдебиеті үлгілерінен алып, Абайдың қара сөздері үлгісінде классикалық сипатқа ие болған қазақ эссеистикасын зерттеушілердің барлығының пікірі эссенің сыншылдық сипатына тіреледі. Шындығында да, эссе жанрының дәстүрлік сипатына үңілгенде оның өнімділігі әдеби сын арнасында өрбігенде ғана арта түсетінін көрсеткен. Десе де, эссенің қалыптасып, дамуында ерекше бір нақты белгілердің болмауы, бұл жанрдың айқын белгілерін көрсететін мысалдарға, оның жанрлық жүйесіне сараптама жасауды қажет ететіндіктен, бірінші тарауда эссе табиғатын философиялық және әдеби тұрғыдан да талдап шығуға ден қойған.

«Трансформацияланған эссе жанрының қазақ әдебиетіндегі көрінісі» деген II тарауда Зейнолла Қабдоловтың «Менің Әуезовым» роман-эссесі мен Қойшығара Салғариннің «Көмбе» роман-эссесінің жанрлық және танымдық сипатын сөз еткен.

«Роман-эссе жанрын оқытудың даралық және дәстүрлік ұстанымдары» деген III тарауды жоғары мектепте роман-эссе жанрын жаңа инновациялық технологиялармен оқыту және оқытудың эксперименттік нәтижелері сөз болады. Мұнда негізінен дәстүрлі ұстанымдар мен даралық ұстанымдар басшылыққа алынған. Дәстүрлік ұстанымда әдебиетті оқыту әдістемесінде жылдар бойы қалыптасқан ең тиімді және тәжірибелік тұрғыдан толық дәлелденген ұстанымдары негізге алынса, даралық ұстанымда антропоцентристік, креативтілік және нәтижелік, мотивациялық, интеграциялық, инновациялық сияқты ұстаным түрлері негізге алынып, әрқайсысына жеке-жеке талдау

жасалынған. Сондай-ақ II тарауда ғылыми тұрғыдан сөз болған З.Қабдоловтың «Менің Әуезовім» атты роман-эссенің бұл тарауда әдістемелік тұрғыдан арнайы талдануы жұмыстың өзектілігі мен жаңалығын арттыра түскен.

3. Ізденушінің диссертацияда тұжырымдаған әрбір нәтижесінің, тұжырымдары мен қорытындыларының негізделу және шынайылық дәрежесі.

Диссертациялық жұмыста тұжырымдалған нәтижелер мен қорытындылардың шынайылық дәрежесі диссертацияның жалпы мазмұндық жоспарынан, тармақшаларда жинақталған пікірлер мен көзқарастардан анықталады. Жұмыста ізденуші ғалымдар зерттеулері негізінде ғылыми пікір жинақтап, тақырып бойынша зерттеген деректерін нақтылап отырады. Ғалымдардың ғылыми қағидаларымен өзіндік қорытынды жасалып отырады.

4. Ізденушінің диссертацияда тұжырымдаған әрбір ғылыми нәтижесі мен қорытындысының жаңалық дәрежесі.

Ғылыми жұмыстың жаңалық дәрежесі зерттеуші тарапынан қазақ прозасындағы роман-эссе жанрының мәселесі әдеби шығармашылықтың категориясы ретінде ғылыми теориялық, әдістемелік талдауға түсуімен, жинақталып, жүйелі түрде зерттеуге түсуімен, деректердің ғалымдар зерттеуімен тұжырымдалып, нақтылануымен, өзіндік нәтиже беріп, қорытынды жасалуымен шешімін табады.

5. Алынған нәтижелердің ішкі бірлігінің бағалануы.

Диссертациялық жұмыс нақты жоспарлық мазмұнмен сай келеді. Ғылыми жұмыс үш бөлімге сараланып, ішкі мазмұндық сипаты әр бөлімдегі тармақшаларға жіктеліп, ғылыми зерттеулік белгілері бір-бірімен толық байланысады. Әр бөлімде түйінделген ғылыми нәтижелер ішкі бірлікте жалғасын тауып, ғылыми неізделіп отырады.

6. Ізденушінің алған нәтижелерінің тиісті өзекті мәселені, теориялық немесе қолданбалы міндетті шешуге бағытталғандығы

Диссертациялық жұмыстың нәтижесі мен қорытындысы Қазақ әдебиеті саласындағы адамтану бағытының ішкі зерттеулік теориясын жүйелеуде, толықтыруда және ЖОО-дарында әдістеме саласы бойынша қосымша мәлімет беруде өзіндік маңызы бар. Сондықтан қолданбалы міндеттерді шешуде ғылыми зерттеудің нәтижелерін жоғары оқу орындарының «Қазақ тілі мен әдебиеті», «Филология: Қазақ филологиясы» мамандықтары бойынша «Қазіргі қазақ әдебиеті», «Қазақ әдебиетін оқыту әдістемесі» пәндері бойынша пайдалануға болады.

7. Диссертацияның негізгі қағидасының, нәтижесінің тұжырымдары мен қорытындыларының жариялануының жеткілікті толықтығына растама.

Диссертациялық жұмыста айтылған ғылыми-теориялық тұжырымдар мен автордың ой-пікірлері халықаралық дәрежедегі ғылыми конференциялар мен алыс-жақын шетелдік және отандық басылымдарда жарияланған. Мақалалық басылымдары зерттеу бойынша жеткілікті, сонымен бірге тақырып мазмұны жариялынымдарда талданған.

8. Диссертацияның мазмұны мен жазылуы жағынан кездескен кемшіліктер.

Диссертациялық жұмысқа қатысты ескертуіміз бар:

1. Ғылыми жұмыстың екінші тарауында Қойшығара Салғараның «Көмбе» роман-эссесінің талдануын кеңірек қарастырса.

2. Диссертациялық еңбектің кей беттерінде стильдік олқылықтар байқалады.

9. Диссертацияның жеке жазылған ғылыми квалификациялық жұмысқа қойылатын талаптарға сәйкес келуі.

Диссертация жеке жазылған ғылыми квалификациялық жұмысқа қойылатын талаптарға сәйкес жазылған. Ғылыми жұмысқа қойылатын стандартты талаптар (гуманитарлық пәндер бойынша) толық сақталған. Ғылыми жұмыстың мәтін көлемі, шрифт өлшемдері, т.б. тиісті талаптар сақталған. Диссертацияның жоспарлық мазмұны жеткілікті тиянақталып жазылған деп бағалап, философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алуға лайық деп есептеймін.

Ресми оппонент:



Филология ғылымдарының кандидаты, М.О. атындағы Әуезов Әдебиет және өнер институты, Абайтану және жаңа дәуір әдебиеті бөлімінің меңгерушісі, Серікқазы Қорабай.

С.С. Қорабайдың қолын
растаймын к/б. аға инспекторы
«11» 12 2016 ж. Подпись